

Қазіргі жастар — жаңа дәуірдің жарқын бейнесі

Қазіргі жастар — тәуелсіз ойдың, шексіз қиялдың, биік мақсаттың символы. Бүгінгі ұрпақтың көзқарасы, арманы, өмір сүру қағидалары мүлде өзгеше. Олар — заман ағысына ілесіп қана қоймай, сол ағысты өздері қалыптастыратын қайсар буын.

Қазіргі жастар үшін шекара жоқ: олар әлемді еркін зерттейді, түрлі мәдениеттермен танысып, жаңа білім іздеуден жалықпайды. Олардың басты қаруы — білім мен технология. Ғаламтордағы мүмкіндіктер, заманауи құралдар, шексіз ақпарат — бәрі де осы ұрпақтың қолында.

Дегенмен, жастар тек материалдық құндылықтарды ғана көздемейді. Олар үшін рухани даму, өзін-өзі табу, қоғамға пайда келтіру — басты құндылықтардың бірі. Қайырымдылықпен айналысу, экологиялық бастамаларға атсалысу, әділдік үшін күресу — олардың өмірлік ұстанымына айналған.

Қазіргі жастар — үміт пен сенімнің иесі. Олардың армандары биік, жүректері отты. Әрбір жас тұлға болашақтың сәулесін алып жүруші. Сондықтан да қоғам оларға тек сын көзбен емес, қолдау мен сеніммен қарауы тиіс. Себебі бүгінгі жастар — ертеңгі ел тізгінін ұстайтын көшбасшылар.

Ақжол Әлия Дәуренқызы